

## ЖЫЛҚЫ МАЙЫ НЕГІЗІНДЕ КОСМЕТИКАНЫҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ЖАСАУ

**Жылқайдар А.Д., Мусаев А.А**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
mussayev01@mail.ru*

Жылқы майын емдік мақсатта қолдану ерте кезден белгілі. Оны тері ауруларына, жарақаттарды емдеуде, күйікке қарсы жақпа ретінде, буын ауруларына қолданылып келген. Жылқы майының құрамы майда еритін витамин А және Е, полиқанықпаған май қышқылдарына (арахидон, линол, линолен және т.б.), аргинин, кератин және басқа да құнды заттарға бай болып келеді. Сонымен қатар, жылқы майы ылғалдандыруға, шапты тез өсуге ықпал ететін, нығайтатын бірнеше маңызды қышқылдарға ие. Өзінің бірегей қорғаныш қасиеттерінің арқасында жылқы майы косметологиялық индустрия үшін өте құнды болып табылады, бальзамдардың, сусабындардың негізін құрайды.

Ғылыми жұмыс Антиген ғылыми-өндірістік кәсіпорнында жасалды. Зерттеу жұмысының мақсаты: майдың физика-химиялық қасиеттерін сақтау арқылы жылқы майының негізінде косметикалық рецепт жасау. Жұмыстың құнды ерекшелігі экономикалық тұрғыда қолжетімді шикізат көзімен, сапалы өз елімізден өндірілетін, әрі теріге оң әсер беретін сабын түрлерін жасап шығару.

Зерттеуге жылқының іш майы қолданылды, өйткені аталмыш шикізат елімізде қолжетімді және экономикалық жағынан тиімді. Жылқының майы су мәншасында 60-65°C бөлініп алынып, ылғалдылығы мен майдың қышқылдық санын анықталды. Қоспа ретінде көбіктенуін арттыру үшін майсана майы және Трилон Б тұзы, және қышқылдануын азайту үшін Е витамині қосылды. Зерттеу барысында 4 сабынның рецептісі жасалды: 1) қоспасыз сабын; 2) майсана майы; 3) Трилон Б; 4) Е витамині қосылған. Аталған сабындар келесі көрсеткіштерге зерттелді: органолептикалық қасиеттері (сыртқы түрі, иісі, түсі, консистенциясы) тері-тітіркендіргіш, антибактериалды, физико-химиялық көрсеткіштерден: қышқылдылық саны, сапалық көрсеткіштері және рН мәні.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде жылқы майының түсі сарығыш, иісі жылқы майына тән, 15-20°C консистенциясы жақпа май тәрізді (мазеобразная), қышқылдық саны 0,922 мг құрады. Зерттелген төрт сабынның барлығы тітіркендіргіш қасиеті бойынша оң реакция болмады. Антибактериалдық қасиеті бойынша колониялардың аз мөлшерде өсуі Трилон Б мен қоспасыз сабында байқалды, майсана майы мен Е витамині қосылған сабында патогенді микроорганизмдердің өсуі байқалмады. Сутектік көрсеткіші бойынша барлық сабындар сілтілік көрсеткішке ие болды (рН 8-10).

Жұмыста шикізат ретінде қолданылған жылқы майы МЕМСТ 25292-2017 бойынша барлық талаптарға сай және алынған сабындардың барлығы қолдануға пайдалы және тиімді екендігі дәлелденді.

*Ғылыми жетекшілер: б.ғ.к., доцент м.а. **Нармуратова М.Х.**, PhD Нурсеитова М.А.*